

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің мәселелері<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 маусым N 672. Қаулының тақырыбы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1996.06.28. N 828 ~P960828 қаулысымен. ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1090 қаулысымен. ~P971090 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1597 қаулысымен. ~P001597

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1997.02.06.

N 170 қаулысымен. P970170_

2. Бірлестік қызметкерлері үшін еңбекақы қорынан 40 процент мөлшерінде және әлеуметтік-сауықтыру қорынан әр қызметкерге екі жалақысынан аспайтын мөлшерде материалдық ынталандыру қоры бекітілсін.

Басшы қызметкерлерге сыйлықақы беру мөлшері басшысын қоса алғанда, Бірлестік бойынша қалыптасқан сыйлықақы беру процентінің орташа деңгейінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің басшы қызметкерлері материалдық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету шарттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының қызметкерлеріне теңестірілсін. <*>

4. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1545 қаулысымен бекітілген Өндірістік-пайдалану бірлестігінің Жарғысы осы қаулыға сәйкес келтірілсін.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы Өндірістік-пайдалану бірлестігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1160 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК